

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 417 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2013 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 417 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Әскери мүлікті есепке алу және есептен шығару ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 шілдедегі № 787 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әскери мүлікті есепке алу және есептен шығару ережесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери мүлкін есепке алуды және есептен шығаруды ұйымдастыруды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабымен келісім бойынша осы мүлік жедел басқаруында тұрған тиісті мемлекеттік органдар жүзеге асырады."

2. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 16.11.2018 № 772 қаулысымен.

3. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 16.11.2018 № 772 қаулысымен.

4. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 16.11.2018 № 772 қаулысымен.

5. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидасын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1525 қаулысына өзгеріс енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12

мамырдағы № 506 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 38, 459-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидасында:

164-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"164. Шұғыл жағдайларда іздестіру іс-шараларын жүргізумен, дүлей зілзалар кезінде әуе кемелерінің көмек көрсету үшін ұшып шығуымен, басқарудан шыққан аэростаттардың ұшуларымен, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлері бас қолбасшыларының өкімдерімен кенеттен тексерулер кезінде әуе кемелерінің ұшып шығумен байланысты уақытша режим мен қысқа мерзімді шектеулерді уақытша режимге алдын ала ұсынымдар бермей ӘҚБ БО белгілеуі мүмкін. Бұл жағдайда іс-шараларды ұйымдастыратын мемлекеттік органдар немесе ұйымдар ӘҚБ БО-мен олардағы әуе қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету аудандары мен талаптарын қызмет басталғанға дейін кемінде 2 сағат бұрын келіседі.";

166-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"166. Мемлекеттік органдардан немесе ұйымдардан орны мен уақыты жағынан сәйкес келетін іс-шараларды уақытша режимдермен қамтамасыз етуге келіп түскен екі немесе одан көп ұсынымдар алған жағдайда ӘҚБ БО Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының рұқсатымен шешілетін міндеттердің басымдықтарына сүйене отырып, көрсетілген іс-шараларды екі тәуліктен аспайтын мерзімге кейінге ауыстырады."

6. "Реквизицияланатын мүлікті бағалау және оның құнын өтеу мөлшерін айқындау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 қыркүйектегі № 1011 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 53, 748-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Реквизицияланатын мүлікті бағалау және оның құнын өтеу мөлшерін айқындау қағидасында:

4, 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бағалау жүргізу үшін негіздеме Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бағалаушы мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы арасында жасалған бағалау жүргізуге арналған шарт болып табылады.

5. Бағалау нәтижелерін реквизициялауды жүргізу кезінде соғыс жағдайының қолданылу кезеңінде жергілікті атқарушы органдар, соғыс уақытында - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы, ал жауынгерлік іс қимылдар жүргізген кездегі ерекше жағдайларда – реквизициялауды жүзеге асыратын әскери бөлімдердің командирлері бекітеді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Реквизицияланатын мүліктің құнын өтеу мөлшерін осы Қағидаға сәйкес жүргізілген бағалау нәтижелері негізінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы, жергілікті атқарушы органдар және әскери бөлімдердің командирлері айқындайды."

7. "Жеке және заңды тұлғалардың қорғаныс мұқтажы үшін реквизицияланған, сондай-ақ берілген мүлкінің құнын мемлекеттің өтеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қыркүйектегі № 1082 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 54, 773-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың қорғаныс мұқтажы үшін реквизицияланған, сондай-ақ берілген мүлкінің құнын мемлекеттің өтеу қағидасында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Реквизицияланған мүлік иелерінің өтініштерін жинау үшін жергілікті әскери басқару органдарында, әскери бөлімдерде, жергілікті атқарушы органдарда жиын пункттері құрылады, олар ақшалай қаражат бөлуге өтінімді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабына жолдайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жергілікті әскери басқару органдарының, әскери бөлімдер командирлерінің (мекемелер бастықтарының), жергілікті атқарушы органдардың өтінімдері негізінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы қаржыландыру жоспарын өзгертуге арналған жиынтық өтінімді жасайды және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға жолдайды."

**8. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**9. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 20.07.2017 № 437 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2013 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 417 қаулысына  
қосымша

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Әскери қызметшілерді азық-түлікпен ақылы қамтамасыз ету және әскери бөлімдер ұсынатын тауарлар мен көрсететін қызметтерін сатудан түскен қаражатты пайдаланудың жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 қазандағы № 1152 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 37, 387-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы № 912 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістердің 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 31, 430-құжат).

3. "Мамандығы бойынша жұмысқа кірген кезде бүкіл жұмыс кезеңінде Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылатын ұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 сәуірдегі № 289 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 14, 128-құжат).

4. "Ұйымдарға олар бойынша жұмысқа кіру әскери міндеттілерді жұмыс істеп жүрген бүкіл кезеңіне әскери жиындарға шақырудан босататын мамандықтардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 маусымдағы № 570 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 22, 228-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 сәуірдегі № 289 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 желтоқсандағы № 1172 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 46, 542-құжат).

6. "1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөнінде комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 шілдедегі № 1166 қаулысы.

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 сәуірдегі № 289 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 5 қарашадағы № 1163 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 59, 575-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы ұшуларының қауіпсіздігін қадағалау бас басқармасы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 ақпандағы № 56 қбп қаулысы.